

## **"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 қыркүйекте № 8665 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану мақсатында Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округінің аумағында орналасқан, жалпы алаңы 3,38 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округтің әкімі*

*Б. Оспанов*